

Жер учаскесіне шектеулі пайдалану құқық (қауымдық сервитут) беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Тимирязев ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 6 тамыздағы № 23 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17-бабының 5-1-тармақшасына, 69-бабының 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзі-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағының 20-тармақшасына сәйкес, Тимирязев ауылдық округі әкімі ШЕШТІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Тимирязев ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Тимирязев ауылдық округі, Тимирязев ауылы мекенжайы бойынша орналасқан көше жарықтандыру желісін орнату үшін жалпы ауданы 20 га жер учаскесіне "қауымдық сервитут" шектеулі пайдалану құқығы берілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі

Ауылдық округінің әкімі

М. Нұрикенов